

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің
шешімімен**



МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН

2025 жылғы 15 сәуірдегі № 1 хаттама

**Кәсіпорынның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарына қамқорлық (шефство) жасауы бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Кіріспе

Кәсіпорынның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТжКБ) қамқорлық жасауы – бұл еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандар даярлау сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық серіктестік. Мұндай ынтымақтастық білім беру бағдарламаларын заманауи өндірістік стандарттарға бейімдеуге, сондай-ақ теориялық білім мен тәжірибелік дағдылар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Технологиялар мен экономиканың қарқынды дамуы жағдайында ТжКБ ұйымдарының студенттерге тек базалық білім беріп қана қоймай, оларды нақты кәсіби қызметке дайындауы аса маңызды. Болашақ мамандарды даярлауға қатыса отырып, компаниялар өз қажеттіліктерін ескере отырып кадрлық резерв қалыптастыруға және сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік алады.

Жалпы ережелер

Осы кәсіпорынның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қамқорлық (шефство) жасауы бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) кәсіпорындардың қамқорлық жасауын ұйымдастыруға арналған. Олар тиімді ынтымақтастыққа мүдделі ТжКБ ұйымдары мен кәсіпорындарға өзара іс-қимылды құрылымдауға, қамқорлықты жүзеге асырудың негізгі тетіктерін айқындауға және білікті кадрларды даярлау сапасын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, Әдістемелік ұсынымдар қамқорлықты ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді, бұл кәсіпорындар мен ТжКБ ұйымдары арасындағы өзара іс-қимыл процесін жеңілдетеді, олардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді және заманауи білім беру мен өндірістік технологияларды енгізуге ықпал етеді.

Қамқорлықтың мақсаты – кәсіпорындар мен ТжКБ ұйымдары арасында берік байланыс орнату. Бұл байланыс қамқоршылық және индустриялық

кеңестерге қатысу, студенттік тәжірибені ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын жаңарту, оқу шеберханалары мен зертханаларды заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, педагогтардың тағылымдамаларын өткізу және түлектерді кепілді жұмыспен қамту арқылы жүзеге асырылады.

Қамқорлықтың міндеттері:

- кәсіпорындардың колледждердің қамқоршылық және индустриялық кеңестеріне қатысуын қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын дамытуға және еңбек нарығы талаптарын интеграциялауға жәрдемдесу;

- студенттердің кәсіби құзыреттерін арттыру және оларды нақты жұмыс жағдайларына бейімдеу мақсатында кәсіпорындар базасында тәжірибе мен тағылымдамалар ұйымдастыру;

- оқу шеберханалары мен зертханаларды салалық стандарттарға сай келетін заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету және озық технологияларды енгізу арқылы жаңғыртуға ықпал ету.

Әдістемелік ұсынымдар келесі нормативтік актілердің негізгі ережелері мен талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;

Анықтама үшін: 45-1-бап. Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік.

- Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 21 қаңтарда бизнес өкілдерімен кездесуде берген тапсырмалары;

Анықтама үшін: «Ірі бизнес тарапынан колледждерге қамқорлық жасауды қамтамасыз ету, олардың қамқоршылық кеңестеріне кіру, жастарды тәжірибеге қабылдау, зертханалар мен шеберханаларды жабдықтау».

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы;

Анықтама үшін: 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 70-тармағы – «ТжКБ ұйымдарында, оның ішінде бизнес тарапынан ТжКБ ұйымдарына қамқорлық жасау аясында оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындар құру».

- «Жұмысшы мамандықтар жылы іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1134 қаулысы;

Анықтама үшін: IV. Жұмыс берушілердің жұмысшы кадрларды даярлауға және қолдауға қатысуын кеңейтудің 10 қадамы 8-қадам. Дуальды оқытумен ұлғайту және ірі компаниялардың колледждерге қамқорлығы арқылы студенттердің кәсіби дайындығының сапасын арттыру.

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 06 қаңтардағы №6, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 06 қаңтардағы №3, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 06 қаңтардағы №4 бірлескен бұйрығы «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасын бекіту туралы»;

Анықтама үшін: 13-қадам – Дуальды оқытуды, мақсатты тапсырысты, әріптестік пен қамқорлықты дамыту, бизнес-құрылымдар мен инвесторлардың қатысу рөлін күшейту.

Кәсіпорындардың ТЖКБ ұйымдарына қамқорлық жасауын реттейтін нормативтік-құқықтық база жетілдіруді қажет етеді. Атап айтқанда, заңнамалық деңгейде «қамқорлық» ұғымының нақты анықтамасы жоқ.

Ынтымақтастық түрлері

- **Кәсіпорындардың қамқоршылық және индустриялық кеңестерге қатысуы** – еңбек нарығының талаптарын интеграциялау, стратегиялық жоспарлауға қатысу, сараптамалық бағалау және ұсынымдар, заманауи технологияларды енгізуді қолдау;
- **Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту** – кәсіпорынның оқу бағдарламаларын жетілдіруге, заманауи технологиялар мен әдістерді енгізуге, әдістемелік материалдар әзірлеуге және шеберлік сабақтарын өткізуге қатысуы;
- **Өндірістік тәжірибе мен педагогтардың тағылымдамасын ұйымдастыру** – студенттерге өндірістік тәжірибе ұсыну, оларды жұмыс жағдайына бейімдеу, жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттыру, педагогтардың кәсіпорын базасында тағылымдамадан өтуі, озық технологиялар мен өзекті әдістерді меңгеруі;
- **Материалдық-техникалық қолдау** – оқу зертханалары мен шеберханаларды заманауи қондырғылармен, құралдармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтауға көмектесу, тәжірибелік оқытуға арналған шығыс материалдарын, модельдерді және макеттерді ұсыну;
- **Ортақ жобалар мен іс-шаралар** – конкурстар, хакатондар, бизнес-ойындар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу, бірлескен білім беру және өндірістік жобаларды іске асыру;
- **Басқа да іс-шаралар** – қамқорлық шеңберінде серіктестік қатынастарды дамытуға бағытталған бастамалар.

Өзара әрекеттесуді ұйымдастыру

1. Қамқорлық жасайтын кәсіпорындарды анықтау, оларды келесі топтарға бөлуге болады:

- белгілі бір біліктілік және/немесе модуль бойынша қамқорлық жасайтын кәсіпорындар;
- белгілі бір мамандық бойынша қамқорлық жасайтын кәсіпорындар;
- бірнеше мамандықты қамтитын кәсіпорындар;
- ТЖКБ ұйымына толықтай қамқорлық жасайтын кәсіпорындар.

2. Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою – өзара іс-қимыл форматтарын, тараптардың міндеттемелерін және ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындау, бірлескен бастамаларды іске асыру тетіктерін бекіту, кәсіпорынның білім беру процесіне, тәжірибе мен тағылымдамаларды ұйымдастыруға, материалдық-техникалық қолдау көрсетуге және өзара іс-қимылдың басқа да нысандарына қатысу шарттарын келісу. (1-қосымша үлгі

ретінде берілген, қажет болған жағдайда меморандумның жеке түрі қолданылады).

* ірі кәсіпорындар бірнеше біліктілік (модуль), мамандықтар бойынша қамқорлық жасаған жағдайда, меморандумда нақты құрылымдық бөлімшені немесе филиалды анық көрсету қажет.

3. Іс-шаралар жоспарын әзірлеу – кәсіпорынның білім беру процесіне қатысуы, тәжірибе мен тағылымдамаларды ұйымдастыру, материалдық-техникалық қолдау, іскерлік іс-шараларды өткізу және өзара іс-қимылдың басқа да түрлерін қамтитын нақты бірлескен әрекеттерді айқындау.

4. Ынтымақтастықты түзету және дамыту – тұрақты кездесулер өткізу, туындаған мәселелерді талқылау, іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу, еңбек нарығының жаңа талаптарын ескеру.

ӨЗАРА КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қала (елді мекеннің мәртебесін көрсету) _____

«___» _____ 202_ ж.

_____ атынан _____ және _____ атынан
_____ (ары қарай «Кәсіпорын») мұнан әрі қарай «Тараптар» деп аталатын стратегиялық ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында білікті жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызмет көрсету кадрларын даярлаудың сапасын арттыруда Меморандум «Тараптарының» ойлары мен қызығушылықтарын ескере отырып Жұмысшы мамандықтарының жылын жүзеге асыру аясында стратегиялық ынтымақтастық үшін «Тараптардың» мақсаттарын растайды және ынтымақтастық жөнінде осы Меморандумға қол қойды.

1-бап

Екі тарап теңдік пен өзара тиімділік негізінде Меморандум шеңберінде Қазақстанның _____ саласы үшін кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық.

2 -бап

- Екі тарап та дәріс беру саласында бірлесіп жұмыс істейтін болады:
- дәрістерді оқуға, кәсіби практикаларды жүргізуге және басқа да педагогикалық жұмыстарды жүргізуге кәсіпорыннан жетекші мамандарды шақыру;
 - Мемлекеттік аттестаттаудың комиссия жұмысына және _____ бітіруші курс студенттерінің кәсіби біліктілігінің деңгейін бағалау комиссия жұмысына қатысу үшін жетекші мамандарды ұсыну;
 - кәсіпорынның мұқтаждығына сәйкес қызметкерлерін оқытуға және біліктілігін жоғарылатуға _____ оқытушыларын қатыстыру;
 - алдыңғы қатарлы технологиялар саласындағы біліктілігін жоғарылату мақсатында кәсіпорында ішкі ресурстар мен басқа да ұйымдармен және компаниялармен персоналдарға ұйымдастырылған оқу бағдарламаларына қатысу мүмкіндігін _____ оқытушыларына ұсыну арқылы.

3-бап

Оқу орны мен кәсіпорын бірлесе отырып еңбек нарығына қажетті жоғары білікті мамандар даярлауда _____ оқу-материалдық базасын тұрақты жетілдіріп отыруға тиісті, ол үшін:

- «Кәсіпорын» таңдалған мамандық бойынша оқытуға қажетті істен шыққан құрылғылар мен өзге де техниканы _____ қайтарымсыз беруді міндетіне алады.

4-бап

Екі тарап та кәсіби талаптарға сәйкес мамандарды дайындауды дамыту және жетілдіру, кәсіби талаптарға сай болуын, өндірісте тәжірибе алу мақсатында өндірістік және диплом алдындағы тәжірибелерді ұйымдастыруды жетілдіретін болады.

- студенттердің жаңа технологияларды игеруіне және еңбектің жоғары өнімділік тәсілдеріне жағдай жасау.

ТжКБ ұйымы міндеттенеді:

- өндірістік және диплом алды тәжірибе бағдарламасын «Кәсіпорынмен» келісу;

- арнаулы пәндер оқытушыларын және өндірістік оқыту шеберлерін тәжірибеден өту жөнінде «Кәсіпорынмен» мақұлдау;

- тәжірибе жетекшісі ретінде білікті оқытушыларды бөлуге;

- тәжірибе басталғанға дейін бір апта ішінде тәжірибенің әрбір нысаны мен бағдарламасын тізім бойынша көрсете отырып, тәжірибеге қатысатын студенттерді жіберу туралы бұйрықты кәсіпорынға ұсыну;

- тәжірибе базасында дәрістерге, саяхаттарға және дәрістерге қатысатын студенттердің тәжірибесі мен жұмыстарына әдістемелік басшылық етуді іске асыру.

«Кәсіпорын» міндеті:

- тәжірибеден өтетін жерлерде жұмыстың қауіпсіздік жағдайларымен студенттерді қамтамасыз етуге-қажетті құжаттамаларды рәсімдей отырып, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өткізу;

- цехтар мен бөлімдердегі білікті мамандар қатарынан тәжірибе жетекшісін тағайындау;

- ТжКБ ұйымына оқу орнынан практика жетекшісі арқылы студенттердің практикадан өткені туралы растайтын құжаттарды ұсыну.

5-бап

Осы келісім туралы Меморандум әрбір келісім жасасқан тараптардың бастамалары бойынша талқылауға ұсынылған, сондай-ақ екі тараптың жазбаша түрдегі жасалған келісімдері бойынша толықтырылуы немесе өзгеріс енгізілуі және жұмыстың өзге де түрлері болуы мүмкін. Осы келісім туралы Меморандумға қандайда бір өзгерістер тек Тараптарға хабарлау негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

6-бап

Осы келісім туралы Меморандумның жарамдылық мерзімі - _____. Осы келісім туралы Меморандумның жарамдылық мерзімін тоқтатуға дейінгі алты айдан кем емес уақыт бұрын, басқа тарапты өз шешімі туралы жазбаша ескерте отырып, әрбір тарап осы келісім Меморандумның іс-әрекеттерін тоқтатуларына болады.

7-бап

Осы келісім туралы Меморандум екі Тараптың құқығы бар тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді.

Осы келісім туралы Меморандум екі тілде, екі данада ұсынылған және олардың күштері бірдей.